

**Тыйым салынған мүлікті сақтаудың тәртібі мен шарттары туралы нұсқаулықты бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2000 жылғы 17 сәуірдегі N 35 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 17 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1134. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 259 бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді-----

*"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабы 2-тармағының 3) тармақшасын басшылыққа ала отырып, бұйырамын:*

*1. Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: ....*

*2. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің мынадай бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын:*

*13) "Тыйым салынған мүлікті сақтаудың тәртібі мен шарттары туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2000 жылғы 17 сәуірдегі N 35 бұйрығы (N 1134 болып Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізімінде тіркелген, 2000 жылғы 14 маусымда N 25 "Заң газеті" жарияланған)....*

*М и н и с т р*

---

*"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 2-тармағына сәйкес бұйырамын:*

*1. Қоса беріліп отырған Тыйым салынған мүлікті сақтаудың тәртібі мен шарттары туралы бекітілсін.*

*2. Осы бұйрық басшылық ету және жұмысты ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитетінің барлық аумақтық бөлімшелеріне жіберілсін.*

*3. Бұйрықтың орындалуын бақылау Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитеттің төрағасы Т.Е.Ділмұхамбетовке жүктелсін.*

*Министр*

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің

бұйрығымен бекітілген

**Тыйым салынған мүлікті сақтаудың**  
**тәртібі мен шарттары туралы**  
**НҰСҚАУЛЫҚ**

1. Осы Нұсқаулық сот қаулыларын және басқа да атқару құжаттарын мәжбүрлеп орындау кезінде сот орындаушысы тыйым салған мүлікті сақтаудың тәртібі мен шарттарын заңдылықпен нақтылауын белгілейді.

2. Борышкердің мүлкіне тыйым салу мүліктің тізімдемесін жасаудан, оны иеленуге тыйым салуды жариялаудан, ал қажет болған жағдайда - мүлікті пайдалану құқығын шектеуден және сақтауға беруден тұрады.

"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10, 39-42-баптарының талаптарына сәйкес сот орындаушысы борышкердің мүлкіне тыйым салады.

Тізімдемеге атқару құжаты бойынша борышкердің берешекті өтеу үшін тек қажетті көлемдегі, сондай-ақ орындау жөніндегі шығыстарды ескере отырып, оның ішінде мәжбүрлеп өндіріп алу үшін сот орындаушысының лажсыздан жолсапарға шығуы мен мүлікті сақтау жөніндегі шығыстарға байланысты мүлкі  
ғ а н а ж а т а д ы

3. Сот орындаушысы мен тыйым салынған мүлік сақтауына берілген адам (бұдан әрі - сақтаушы) арасындағы шарттың негізінде сақтаушыдан сақтау қолхат алу жолымен борышкердің мүлкі сақтауға беріледі.

Мүлікті сақтауға беру кезінде сот орындаушысы тізімдемеге алуға, тыйым салуға немесе иелік етуге шектеу салынған мүлікті ысырап еткені, иеліктен айырғаны, жасырып қалғаны немесе заңсыз бергені үшін ҚР ҚК 357-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілік туралы сақтаушыға ескертеді. Сот орындаушысы сақтауға берілген мүліктің ысырап етілгенін, иеліктен айырылғанын немесе ауыстырылғанын анықтай отырып, бұл туралы қаулы шығарады және оны осы адамдарды әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін құқық қорғау органдарына жібереді.

4. Сақтаушы, егер ол борышкер немесе оның отбасының мүшесі осындай (борышкер-ұйым үшін - оның қызметкері) болып табылмаса, мүлікті сақтағаны үшін сыйақы ала алады. Сақтау шарты бойынша сақтаушыға сыйақының мөлшері тараптардың келісуімен.

Мүлікті сақтаумен байланысты келтірілген шығыстар атқару құжаттарын жасау жөніндегі шығыстарға жатады. Аталған шығыстарды өндіріп алу Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитетінің Департамент бастығы, бастығының орынбасары немесе аға сот орындаушысы бекіткен сот орындаушысы қаулысының негізінде жасалады. Мүлікті сақтау үшін шығыстардың орнын

толтыру сот орындаушысы құрастырған есеп-қисап бойынша жүргізіледі. Сақтаушымен есеп айырысу егер басқа заңдарда өзгедей көзделмесе, тараптардың келісуімен жүргізіледі.

5. Тыйым салынған мүліктің оның зақымдануына, құнының кемуіне алып келуі мүмкін деп ойлауға сот орындаушысында негіздер бар болған кезде, сондай-ақ сот орындаушысында немесе сақтаушыда объективті себептерге қарай осы мүлікті жылжыту мүмкіндігі болмаған жағдайда, меншік иесінің, борышкердің немесе үшінші адамдардың тілегінен тыс тыйым салынған орында қалуы мүмкін. Бұл жағдайда сақтаушының тыйым салынған мүліктің сақталуы үшін кез келген заңды іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқығы бар.

6. Тыйым салынған мүліктің есебін жүргізу үшін сот орындаушыларының әрбір аумақтық учаскесінде тыйым салынған мүліктің журналы жүргізіледі. Журнал баулануға, нөмірленуге және Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитетінің Департаменті немесе аумақтық учаскесінің мөрімен бекітілуге тиіс. Әр апта сайын журналды Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитетінің Департамент бастығы, бастығының орынбасары немесе аға сот орындаушысы тексереді, бұл туралы онда жазу жүргізіледі.

7. Тыйым салынған мүліктің сақталуын, ол жоғалтылған (қаза тапқан), жетіспей шыққан және зақымданған жағдайларда шығыстардың өтелуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен тыйым салынған мүлікті сақтау және мүліктік сақтандыру шарттарының жасасылуы мүмкін.

8. Сот орындаушысы борышкерде азаматтық айналымнан алынған мүлікті (қару-жарак, оқ-дәрі, жарылғыш заттар мен құрылғылар, радиоактивті материалдар, есірткі және психотроптық заттар және т.б.) анықтаған жағдайда сот орындаушысы бұл туралы мәні бойынша шешім қабылдау үшін кешіктірмей тиісті органдарға хабарлайды.

9. Борышкердің тыйым салынған мүлкіне тізімдеме жасау кезінде өндірістік немесе лабораториялық мақсатта пайдаланылатын бағалы металдар, асыл тастар (осы бұйымдардың сынықтары), зергерлік бұйымдар (осы бұйымдардың сынықтары), бағалы металдардан жасалған тиындар, құймалар, шлих, табиғи, жартылай фабрикаттар, түріндегі бағалы металл бұйымдар, сондай-ақ бағалы тастар, коллекциялық ақша белгілері, сондай-ақ тарихи немесе көркемдік құндылығы бар мүлік анықталса, олар сақтауға беруге жатады.

Осы бапта аталған, тыйым салынған мүлік аға сот орындаушысының мөрімен бекітілген тыйым салынған мүлік туралы актінің көшірмесімен бірге Тыйым салынған және алынған мүлікті есепке алу журналында тіркеледі, алыну сәтінен бастап 24 сағаттан кешіктірілмей мамандандырылған ұйымға немесе банк мекемесіне тапсырылады. Мамандандырылған ұйым не банк немесе банктік

операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын мекемелерде тиісті лицензиясы болуға және мамандар ұсынған аталған мүлікті сақтау шарттарына сай келуге  
т и і с .

Аталған мүліктің құнын, тарихи және көркемдік құндылығын, сондай-ақ оны сақтаудың шарттарын анықтауды мамандар не сол қызметті атқаратын мамандандырылған ұйым жүзеге асырады.

Маманның немесе мамандандырылған ұйымның қызметіне ақы төлеу атқарушылық іс-әрекеттерді жасау жөніндегі шығыстарға көзделген қаражаттар есебінен жүргізіледі.

10. Борышкердің мүлкіне тізімдеме жасау кезінде анықталған теңгелей және шетел валютасындағы ақша қаражаттары алынған күнінде олар кейіннен өндіріп алушыларға беру үшін сот орындаушыларының тиісті аумақтық учаскесінің депозиттік шотына салынады.

11. Тыйым салынған мүлікті оның бүлінуіне және (немесе) оны кейіннен сатуға мүмкіндік болмайтындай жағдайға әкеп соғуы мүмкін күйінде сақтауға тыйым салынады. Бұл жағдайда сот орындаушысы борышкердің есебінен аталған мүлікті тиісті қалпына келтіру жөнінде қажетті шараларды кідіртпей қабылдайды. Борышкердің тыйым салынған мүлікті оның сақталуын қамтамасыз ететін қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарға төлем жасау үшін қаражаттары болмаған жағдайда осы жұмыстарға шығыстар оларды кейіннен борышкердің есебінен белгіленген тәртіппен қалпына келтіре отырып "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 76-бабына сәйкес өндіріп алушының қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

12. Тыйым салынатын, тез бұзылатын тауарлар, сондай-ақ арнайы сақталу шарттарын қажет ететін тауарлар, қажет еткен жағдайда тиісті ұйымдармен олардың сапасын тексеруге жатады және дереу сатуға беріледі.

13. Тек сақтаушының қатысуымен тыйым салынған мүлікке сот орындаушысы мен басқа да адамдардың қол жеткізуі мүмкін. Ол болмаған жағдайда аға сот орындаушысы мен 2 айғақтардың қатысуымен мүлікке қол жеткізуге рұқсат етіледі.

14. Тыйым салынған мүлікке тыйым салу және сақтау жөнінде іс-әрекеттер жасалғанда іс жүргізу құжаттарын рәсімдеу кезінде сот орындаушылары үшін әзірленген құжаттардың үлгілері басшылыққа алынады.

15. Нұсқаулыққа құжаттардың үлгілері қоса беріледі.

№ 1 қосымша. Мүлікке тыйым салу туралы қаулы.

№ 2 қосымша. Мүлікке тыйым салу және тізімдеме жасау актісі.

№ 3 қосымша. Тыйым салынған мүлікті есепке алу журналы.

№ 1 қосымша

## Мүлікке тыйым салу туралы қаулы

2000 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ қаласы  
\_\_\_\_\_ облысы бойынша Сот қаулыларын атқару  
жөніндегі комитет Департаментінің \_\_\_\_\_ аумақтық учаскесінің  
( а т а у ы )  
\_\_\_\_\_ сот орындаушысы \_\_\_\_\_ туралы 2000 жылғы  
( Т . А . Ә . )

\_\_\_\_\_ (атқарушы құжаттың мазмұны)  
\_\_\_\_\_ N \_\_\_\_ атқару іс өндірісін (атқарушы құжатты) қарай келіп,  
Б е л г і л е д і :

\_\_\_\_\_ (тыйым салудың негіздері)

Баяндалғанның негізінде, "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" ҚР Заңының 10-бабының 2-бөлігін, 40-42 баптарын басшылыққа ала отырып,

Қаулы етті:

1. \_\_\_\_\_ мекен-жайында тұратын  
\_\_\_\_\_ тыйым салынсын.

2. Мүлік \_\_\_\_\_ тізімдемесіне сәйкес сақтауға  
б е р і л с і н .

3. Тыйым салынған мүлікке иелік етуге немесе оны пайдалануға  
сот орындаушысы салған тыйымды бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілік  
т у р а л ы е с к е р т і л с і н .

4. Қабылданған шешім туралы атқарушылық іс өндірісіне қатысатын  
а д а м д а р х а б а р л а н с ы н .

Өндіріп алушы қаулыға шығу сәтінен 10 күннен кешіктірмей сотқа  
шағым бере алады.

Сот орындаушысы: \_\_\_\_\_

N 2 қосымша

Мүлікті тізімдеу және тыйым салу

актісі

2000 " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ қ.

\_\_\_\_\_ облысы Сот қаулыларын  
атқару комитеті Департаментінің \_\_\_\_\_ аумақтық  
учаскесінің сот орындаушысы \_\_\_\_\_

( Т . А . Ә . )

1. \_\_\_\_\_ мекен-жайында тұратын \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_ мекен-жайында тұратын \_\_\_\_\_ куәлардың  
борышкер (борышкердің өкілі) \_\_\_\_\_ және \_\_\_\_\_ қатысуымен  
(мүлікті тізімдеу кезінде қатысқан өзге адамдар)

\_\_\_\_\_ берген 2000 ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

(сот немесе басқа орган)

атқару құжатының негізінде және "Атқарушылық іс жүргізу және сот  
орындаушыларының мәртебесі туралы" ҚР Заңының 10-бабының 2-бөлігін,  
30-бабының 1,2,3-бөлімдерін, 39,40,41,42-баптарының талаптарын сақтай  
отырып, \_\_\_\_\_ тиеселі \_\_\_\_\_

мекен-жайында орналасқан мүлікке тыйым салды, бұл туралы осы актіні  
ж а з д ы .

Мүлікке тыйым салуды бастар алдында аталған адамдарға олардың  
"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы"  
ҚР Заңының 28, 30-баптарының 4, 5, 7, 8-бөлімдерінде көзделген сот  
орындаушысы жасайтын барлық іс-әрекеттерге қатысу және қаттамаға  
енгізуге жататын, осы іс-әрекеттерге байланысты арыз айту құқығы  
т ү с і н д і р і л д і .

Куәларға, сонымен қатар, "Атқарушылық іс жүргізу және сот  
орындаушыларының мәртебесі туралы" ҚР Заңының 30-бабының 6-бөліміне  
сәйкес мүлікке тыйым салыну фактісін, мазмұны мен нәтижесін  
куәландыру міндеті түсіндірілді.

Куәлар: 1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

Мүлікке тыйым салар және тізімдер алдында сот орындаушысы  
мүлікке тыйым салынғандығы туралы 2000 ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
қаулыны оқыды.

Мынадай мүлікке тыйым салынды:

р/р N|Тыйым салынған заттардың атауы|Саны |Жеке белгілері,заттарды  
б а ғ а л а у

Сот орындаушысы мынадай мүлікті сүргіледі: \_\_\_\_\_

Мүлікті тізімдеу кезінде қатысқан адамдардың арыздары: \_\_\_\_\_

Басқа арыздар немесе шағымдар түскен жоқ.

Барлық аталған мүлік \_\_\_\_\_ сақтауға берілді.

(мүлікті қабылдаған адамның Т.А.Ә.)

Қабылдаған мүлікті жоғалтқаны, иеліктен шығарғаны, жасырғаны немесе ауыстырғаны үшін ҚР ҚК 357-бабы бойынша қылмыстық және материалдық жауапкершілік туралы ескертілді \_\_\_\_\_

(сақтаушының қолы)

Акт дауыстап оқылды, дұрыс жазылды.

Сот орындаушысы: \_\_\_\_\_

Куәлар: 1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

Қатысқандар: \_\_\_\_\_

№ 3 қосымша

### Тыйым салынған мүлікке есеп жүргізу журналы

№	Мүлікті тізімдеу және оған тыйым салу актісі	Тізімдеу және оған салу актісі	Тыйым салу саны	Тыйым салған адам саны	Тыйым салынған мүліктің саны	Сомасы	Мүліктің жері	Сақтаушы (саны) орналасқан жері

қ о с ы м ш а н ы ң

ж а л ғ а с ы :

Сақтаушының

Сот атқарушысының

Ескерту

м е к е н - ж а й ы

с ы н ы ң

қ о л ы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК